



**Чинибаева Г.Д.**  
**ХОР ҰЖЫМЫН**  
**БАСҚАРУДАҒЫ МУЗЫКА**  
**ПӘНІ**  
**МҰҒАЛІМІНІҢ БАҒЫТ**  
**БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*В данной статье рассматриваются проблемы профессионально-методической подготовки будущих учителя музыки.*

*This article deals with the problems of formation of professional and methodical training of teacher of music.*

Хор ұжымын басқару әдістемесіндегі музыка пәні мұғалімінің тұлғалық бағдарланған бағытының қалыптастыру механизмдері арнайы курсың игеру алғашқы кезекте педагог-музыкант-хормейстердің «дербес стилі» ұғымын негізде-мелеумен, оның әралуан ситуацияларға табысты бейімделу қабілеттіліктерін, өз стратегиясының бағытын түзету және қалыптастыру қабілеттіліктерін негізде-мелеумен байланыстырылды. «Хормейстердің дербес стилінің өзіндік үлгісі неден тұрады?» деген сұраққа дәлелді жауаптарды іздестіруде болашақ мамандар ақпарат көздері көмегімен осы ұғымға қатысты әралуан ой-пікірлерді талдайды (Э.Б. Абдуллин, О.П. Соколова, Б.С. Рачина және т.б.) [1]. Мұнда дербес стильдің маңызды сипаттамасы ретінде хордың орындаушылық іс-әрекетін құрудағы шығармашылық интерпретациялау, авторлық тұжырымдамаларды болжамдаудағы, негізде-мелеудегі бағалаушы талқылауларды меңгеру көрінеді. Студенттер хормейстердің дербес стилі қатысымдық, конструктивтік, ұйымдастырушылық, орындаушылық және зерттеушілік іс-әрекетте көріне отырып, тұлғаның кәсіби қасиеттерінің көрсеткіші болып табылатындығы жөніндегі логикалық тұжырымға келді. Көбінесе осы проблема бойынша пікірталастар отандық және шетелдік тәжірибеде кең танылған хор өнері саласындағы орындаушылық шеберлік жаңашылдарының озық тәжірибелерін талқылауға құрылды (В. Соколов, Г.Птица, Г.Струве, А. Юрлов, В. Тевлин, А. Молодов және т.б.) [2]. Әрі аудитория музыканттың хорлық стилінің басты ерекшелігі вокальдылықтың максималды айқындалуының үйлесімі, аспаптық жазба қағидалары, хор дыбыстауы бояулық мүмкіндіктері, диапазон кеңдігі, дирижер-музыкант-орындаушы-тәжірибенің вокальды-хорлық нақтылығы болып табылатындығы күмәнсіз екендігіне көз жеткізді.

Хор сабақтарының бейнежазбаларын қолдану әдісі студенттерге хормейстерлік жұмыс ерекшелігіне назарларын шоғырландыруға, хор өнері шеберлерінің іс-әрекетіндегі әралуан жаңашыл тәжірибелерімен танысуға мүмкіндік береді.

Хормейстерлік жұмыстың дербес стилін меңгеру үшін музыкалық өнер, хор орындауы саласындағы кең білімдерді игеру қажеттілігі күмәнсіз. Бұл шеберлік ұзақ уақыт бойы және тәжірибелік іс-әрекетпен қалыптастырылады. Нағыз кәсіби музыкант орындаушы болу үшін, оның ішінде хормейстер болу үшін үш мәселені - түйсікті, құштарлық пен техниканы үйлестіру



қажет екендігі жалпыға белгілі. Бұл үшеуі орындаушының шығармашылық дербестігін құрайды. Хор өнерінде орындаушылық стиль жөнінде жекелеген музыканттардың шығармашылығының дербес құбылысы ретінде ереже бұрыннан белгілі. Әрбір орындаушылық үрдіс қайталанбайды, әдістін дербестігі, оған тән ұжыммен жұмыс істеу мәнері қайталанбайды. Сонымен қатар егер де ол өзінің дербес қолтаңбасы бар шебер музыкантпен басқарылса хор орындау стилінің қалыптасқандығын да байқауға болады. Менің көзқарасымша дербес стильді қалыптастыруға педагогикалық дарын мен қатысымдық қабілеттіліктер шешуші рөл ойнайды, оларсыз хордың орындаушылық мақсатын беру барынша күрделі болар еді. Шығармашылық жағынан барынша эралуан орындаушыларды тыңдау өзіндік дербес стильді, өзіндік бағытты қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Болашақ мамандандардың қызығушылығын оқу процесі арқылы, тұжырымдаудың өзіндік үрдісінен тұратын және оны жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттің, тірі дыбыстауда орындалған орындаушылық тұжырымның дербес орындаушылық концепциясын құрастыру үрдісін қамтитын хор музыкасын эмоционалдық мағыналық интерпретациялау проблемасын туындатады. Біз ұсынған хор шығармасын интерпретациялауды оқыту әдістемесінің мәні былайша негізделеді:

- хор партитурасын орындауда бірнеше нұсқаларын талдау негізінде бір шығарманы тұжырымдаудың бірнеше нұсқасы болуының дұрыстығын педагогикалық негіздемеу;
- шығарманың жеке тұжырымдамасын құру;
- берілген партитураны интерпретациялаудың бірнеше нұсқаларын жасау;
- хормен өзінің орындаушылық мақсатын жүзеге асырумен жұмыс;
- шығарманы үйрену үрдісінде интерпретациялау нұсқаларын мінсіз және шынайы дыбыстаумен ойша салыстыру арқылы оқушылардың интеллектуалды танымдық ізденгіштік іс-әрекеттерін жандандыру жағдайларын құру.

Көптеген дирижерлердің пікірі бойынша (Н.А. Анекеева, Г.Л. Ержемский және т.б.) [3] репетицияны проблемалық құру үлкен мәнге ие. Өйткені репетиция барысында орындаушылар ноталық мәтін негізінде ән айтатын ұжымның жетекшімен шығармашылықтастығы үрдісі ретіндегі шығарманың музыкалық бейнесін модельдейді. Хормейстермен бірге орындау нұсқаларын ұсына отырып хор қатысушылары поэтикалық және музыкалық мәтіндердің барынша мәнерлі және сенімді үйлесімін айқындайды, дыбыстаудың тиімді нұсқаларын табады және мәнерліліктің сәйкес құралдарын анықтайды. Осындай шығармашылық өзара әрекеттестік кезінде әншілер мен олардың жетекшілерін де интерпретациялаудың жалпы әдістемесіне алып келетін шығарманың көркемдік-үлгілік мазмұны жөніндегі олардың жеке ұғым-түсініктері қалыптастырылады, бұл хор ұжымының ары қарайғы жемісті іс-әрекеті үшін құнды фактор болып табылады.

Хор шығармасын интерпретациялауды оқыту әдістемесін енгізу бірқатар сатыларда жүзеге асырылады. Алғашқы, даярлық сатысы интерпретациялау проблемасына енгізе отырып, ары қарайғы тәжірибелік жұмыс үшін теориялық негіз қаласа, екінші саты студенттерде хор репертуарынан алынған шығарманың үлгілік мазмұнының вербальды бағдарламасының құрастыру шеберліктерін қалыптастыруға арналады.

Шығарма партитурасын ұжымдық талдау, композитор шығармашылығы жөніндегі әдебиеттер «Елім-ай» халық әні жоңғар шапқыншылығы кезінде шығарылған қазақтардың ең көне тарихи әндерінің бірі болып табылатындығын айқындайды. Біз болашақ мамандардың назарын қайғылық-қасіретті және мұңды көңіл-күй негізі ыңыранған ырғақты, хор тембрінің динамикасы мен колоритін құратындығына аудардық.

Студенттер шығарма мысалында музыкалық мәнерлілік құралдарын (динамика, агогика, штрихтар және т.б.) нұсқалы пайдалану есебінен оның көптеген интерпретациялануы мүмкіндігіне көз жеткізеді.

Оқушылармен ОБСӨЖ бойынша сабақтарда бірлескен дербес жұмыс үрдісіндегі құндылықты-проблемалық ситуацияларды талдау үшін біз шешімнің төрт кезеңін анықтау жолымен ғылым мен тәжірибеде сыналған технологиялық процедураларды - М.М. Поташник пен Б.З. Вульфованың [4] сызбасын пайдаландық:

1. Өз іс-әрекетінің мақсатын талдау (ситуация немен аяқталуы тиіс, қандай салдарлар туындайды).
2. Өз іс-әрекетінің мазмұны мен тәсілін, нұсқасын талдау.
3. Іс-әрекетті жүзеге асыру.
4. Іс-әрекет шешімнің барысы мен нәтижелерін талдау.



Ситуация шешімінің ретін анықтау кезінде біз шеберліктер құрылымында мотивациялық құндылықты бағыттылыққа, яғни тұлғаның мүдделілігіне, студенттерді педагогикалық болмыстар мен дәйектердің шексіз әралуандығына бағыттай отырып, олардың кәсіби сенімділігіне сүйенудің маңыздылығын негізге алуымыз қажет.

Сонымен қатар белгілі бір үзіндінің көркемдік мәні сәйкес техникалық тәсілді табуға мүмкіндік береді.

#### Әдебиеттер:

1. Концепция высшего педагогического образования Республики Казахстан // Учитель Казахстана. - Алматы: 14.04.2004.- №2 -с.13-15.
2. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизаций образования. – Алматы: РЦИО, 2004. -311с.
3. Керимов Л.К. Теория и практика индивидуализации перевоспитания трудного подростка: дисс...докт.пед.наук. 13.00.01.-Алматы, 1993.-307.
4. Куписевич Ч. Жалпы педагогика негіздері. – М., 1986.